

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы N 272 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 4 наурыздағы

N 272 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.17 № 1207 Қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.12.21 N 1260 Қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19 N 1411 Қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19 N 1411 Қаулысымен.

5. "Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің күшін жоятын конвенция (Гаага 1961 жылғы 5 қазан) ережелерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 сәуірдегі N 545 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 15, 191-құжат):

2-тармақта:

бесінші абзацтағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Мәдениет" деген сөзбен ауыстырылсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға;"

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2025 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. "Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 797 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 21, 268-құжат):

2-тармақтағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Мәдениет" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасының паспорты" деген 1-бөлімде "Негізгі іс-шараларды орындаушылар" деген жолдағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Мәдениет" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

"Орындалуына жауаптылар" деген 4-бағанда:

реттік нөмірлері 9, 10, 11, 15, 16, 19-жолдардағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Мәдениет" деген сөзбен ауыстырылсын.

8. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайту жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған кешенді ақпараттық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1766 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 49-50, 594-құжат):

3-тармақтағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Ақпарат" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары И.Н.Тасмағамбетовке" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Г.А.Марченкоға" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайту жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған кешенді ақпараттық бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 9-бөлімде:

"Іске асыруға жауаптылар" деген бағанда:

реттік нөмірі 15-жолдағы "МАҚКМ" деген аббревиатура "Мәдениетмині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 17, 19, 22, 27-жолдардағы "МАҚКМ" деген аббревиатура "Ақпаратмині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 25-жолдағы "МАҚКМ" деген аббревиатура "Ақпаратмині, Мәдениетмині" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Ауыл мектебі" 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 ақпандағы N 128 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 5, 59-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "Ауыл мектебі" 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Ауыл мектебі" 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген бөлімде:

"Орындауға (іске асыруға) жауаптылар" деген 4-бағанда:

реттік нөмірлері 20, 22-жолдардағы "МҚКМ" деген аббревиатура "Ақпаратмині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 21-жолдағы "МҚКМ" деген аббревиатура "Мәдениетмині, Ақпаратмині" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 155 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 7, 78-құжат):

2, 3, 4-тармақтардағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Мәдениет" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген бөлімде:

"Орындалуына жауаптылар" деген 4-бағанда:

реттік нөмірлері 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5, 1.6, 1.7, 2.3, 2.4, 2.5, 2.6, 3.1, 3.2, 3.4, 3.5, 4.1, 4.2, 4.4, 4.5, 4.6, 5.4, 6.1, 6.2, 8.1, 9.3, 9.4, 10.1, 10.4, 11.1, 11.4, 11.5-жолдардағы "МАКМ" деген аббревиатура "Мәдениетмині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5.2-жолдағы "МАКМ" деген аббревиатура "Ақпаратмині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 7.2, 9.1, 10.3-жолдардағы "МАКМ" деген аббревиатура "Мәдениетмині, Ақпаратмині" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 296 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 14, 143-құжат):

4-тармақтағы "А.С.Павловқа" деген сөздер "Г.А.Марченкоға" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламада:

"Қазақстан Республикасында Кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 7-бөлімде:

"Орындауға жауаптылар" деген бағанда:

реттік нөмірі 2.1.5-жолдағы "МАКМ" деген аббревиатура "Ақпаратмині, Мәдениетмині" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 2.6.3., 5.4.3., 6.1.7., 6.2.7-жолдардағы "МАКМ" деген аббревиатура "Ақпаратмині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3.2.3-жолдағы "МАҚКМ" деген аббревиатура "Мәдениетмині" деген сөзбен ауыстырылсын.

12. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 747 Қаулысымен.

13. "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 838 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 34, 343-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

"Орындалуына жауаптылар" деген бағанда:

реттік нөмірлері 3.3.6, 3.3.7-жолдардағы "МАҚКМ" деген аббревиатура "Ақпаратмині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 9.1-жолдағы "МАҚКМ" деген аббревиатура "Мәдениетмині, Ақпаратмині" деген сөздермен ауыстырылсын.